

Қарашатау ЖОББ мектебі бойынша өткізілген Қамқоршылық кеңесінің

Хаттамасы

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 1 себебі денсаулығына байланысты

Құмқұдық ауылы
Күні: 25.08.2021 ж.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығын бақылау
2. Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды ұсыну.
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңестің төрағасы Р.Т.Атабаев –биылғы жаңа оқу жылына сәттілік тілей отырып мектептің жаңа оқу жылының даярлығына тоқталып өтіп, жалпы мектеп оқу процессіне дайын екендігі туралы толық ақпарат беріп өтті. Биылғы оқу жылында 30 оқушы ыстық тамаққа тартылғалы отыр. Оның 2-қамқоршылықтағы балалар, 16 оқушы АӘК алатын отбасынан 12-екі оқушыны қамқоршылық кеңесі ұсынып отыр. Сонымен қатар еліміздегі төтенше жағдайға байланысты мектептегі санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы жөнінде айтып өтті.

Сөлеушілер:

Қамқоршылық кеңес мүшесі Молбай Б.Ж. сөз алды. Атаулы әлеуметтік көмек алған отбасының балдарын қайтадан тамақ ішуге келісемін. Өйткені көп балалы, аз қамтылған отбасының балалары. Менің ойымша балалардың ыстық тамақпен қамтылғаны дұрыс.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі зейнеткер Сырымбаева К.К. сөз алды. Мен осы ауылдың тұрғынымын. Ауылдың тұрғындарын көп жылдан бері танимын. 6 сыныпта оқитын Мұңлыбек Шынболат деген оқушыны қоссақ. Өйткені ата-анасының табысы төмен. Біздің қарсылығымыз жоқ. Атаулы әлеуметтік көмек алған отбасының балалары ыстық тамақпен қамтылуға келісемін.

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Малайдаров Б. менде бүгінгі өткізіліп отырған отырыста айтылған пікірлермен келісемін. Еш қарсылығым жоқ, айтылған оқушылар ыстық тамақпен қамтылуы дұрыс деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңес мүшесі Б.Абишев: Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керектігі туралы айтып кетті.

Қамқоршылық кеңес шешім етеді:

1. Мектеп биылғы оқу жылына дайын.

2. 2021-2022 оқу жылында 2-қамқоршылықтағы оқушы, 16 АӘК алатын отбасынан шыққан оқушы, 12 оқушы көпбалалы және табысы төмен отбасынан отыр. Барлығы 30 оқушы ыстық тамаққа тартылсын.